

Протокол

Сводная таблица замечаний и предложений по отчету о возможных воздействиях по объекту ТОО «Филиал Мангистау Пауэр Б.В.».

Отчет о возможных воздействиях к проекту «Гибридная
Электростанция в Мангистау. Строительство ГПЭС 120 МВт. Очередь 4В.
Объекты выдачи мощности ГПЭС».

Дата составления сводной таблицы: 12.09.2025 г.

Место составления сводной таблицы: ДЭ по Мангистауской области
КЭРК МЭГПР РК.

Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей
среды: ДЭ по Мангистауской области КЭРК МЭГПР РК.

Дата извещения о сборе замечаний и предложений заинтересованных
государственных органов: 21.08.2025 г.

Срок предоставления замечаний и предложений заинтересованных
государственных органов: 21.08 – 05.09.2025 г.

Замечания и предложения заинтересованных государственных органов:

№	Заинтересованный государственный орган	Замечания и предложения
1	Департамент экологии по Мангистауской области	1. Представить результаты рассеивания загрязняющих веществ в расчетном прямоугольнике, на границе СЗЗ, в жилой зоне и в расчетных точках, которые необходимо установить. В соответствии с пунктами 21,22 Приказа Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 10 марта 2021 года № 63 «Об утверждении Методики определения нормативов эмиссий в окружающую среду» нормативы допустимых выбросов разрабатываются с учетом общей нагрузки на атмосферный воздух, т. е. учесть в расчете физика - географические и климатические условия региона, расположение промышленных площадок и жилых домов. 2. Согласно п 3. ст. 50 Экологического кодекса РК, оценка воздействий должна основываться на обязательном рассмотрении нескольких альтернативных вариантов реализации намечаемой деятельности или разрабатываемого документа, включая вариант отказа от их реализации (нулевой вариант). Также, согласно п 4. ст. 72 Экологического кодекса РК, необходимо представить возможных вариантов осуществления намечаемой деятельности с учетом ее особенностей и возможного воздействия на окружающую среду, включая: вариант, выбранный инициатором намечаемой деятельности для применения, обоснование его выбора, описание других

		возможных рациональных вариантов, в том числе рационального варианта, наиболее благоприятного с точки зрения охраны жизни и (или) здоровья людей, окружающей среды. Необходимо привести в соответствие. 3. Согласно пункту 19 и пункта 20 приложения 2 к Инструкции, необходимо предоставить краткое нетехническое резюме. 4. Согласно пункта 8 и пункта 9 приложения 2 к Инструкции по организации и проведению экологической оценки Приказа Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 30 июля 2021 года № 280 (Далее- Инструкция) необходимо предоставить обоснование предельных количественных и качественных показателей эмиссий, физических воздействий на окружающую среду, выбора операций поуправлению отходами. Также обоснование предельного количества накопления отходов по их видам. 5. Согласно пунктам 1,2 статьи 246 ЭК РК, при размещении, проектировании, строительстве, эксплуатации, ремонте, реконструкции и модернизации электрических сетей должны разрабатываться и осуществляться мероприятия, обеспечивающие предотвращение гибели птиц и других диких животных, сохранение среды обитания, условий размножения, путей миграции и мест концентрации. Субъекты, осуществляющие эксплуатацию электрических сетей, обязаны осуществлять регулярное обследование электрических сетей для выявления их негативного влияния на птиц и других диких животных и в случае необходимости принять меры по его снижению. 6. Согласно пункту 7 приложения 2 к Инструкции, необходимо описать возможных существенных воздействий (прямых и косвенных, кумулятивных, трансграничных, краткосрочных и долгосрочных, положительных и отрицательных) намечаемой деятельности на объекты, перечисленные в пункте 6 настоящего приложения, возникающих в результате: 1) строительства и эксплуатации объектов, предназначенных для осуществления намечаемой деятельности, в том числе работ по поустутилизации существующих объектов в случаях необходимости их проведения; 2) использования природных и генетических ресурсов (в том числе земель, недр, почв, воды, объектов растительного и животного мира – в зависимости от наличия этих ресурсов и места их нахождения, путей миграции диких животных, необходимости использования не возобновляемых, дефицитных и уникальных природных ресурсов). 7. Согласно пункту 12 приложения 2 к Инструкции,
--	--	---

		необходимо предоставить описание предусматриваемых для периодов строительства и эксплуатации объекта мер по предотвращению, сокращению, смягчению выявленных существенных воздействий намечаемой деятельности на окружающую среду, в том числе предлагаемых мероприятий по управлению отходами, а также при наличии неопределенности в оценке возможных существенных воздействий - предлагаемых мер по мониторингу воздействий (включая необходимость проведения после проектного анализа фактических воздействий в ходе реализации намечаемой деятельности в сравнении с информацией, приведенной в отчете о возможных воздействиях). 8. Согласно подпункту 8 пункта 1 Приложения 2 к Инструкции по организации и проведению экологической оценки, утверждённой Приказом Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 30 июля 2021 года № 280, в Отчёте об оценке воздействия на окружающую среду отсутствует информация об ожидаемых видах, характеристиках и количестве эмиссий в окружающую среду, включая воздействие на воды, атмосферный воздух, почвы, недра, а также вибрационные, шумовые, электромагнитные, тепловые и радиационные воздействия; 9. Согласно подпункту 9 пункта 1 Приложения 2 к Инструкции по организации и проведению экологической оценки, утверждённой Приказом Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 30 июля 2021 года № 280, в Отчёте об оценке воздействия на окружающую среду отсутствует информация об ожидаемых видах, характеристиках и количестве отходов, образующихся в ходе строительства и эксплуатации объектов, в том числе отходов, образуемых при утилизации зданий, сооружений и оборудования. На основании вышеизложенных замечаний и предложений представленный Отчет необходимо доработать в соответствии с ЭК РК, Инструкции по организации и проведению экологической оценки, утвержденный Приказом Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 30 июля 2021 года № 280, Классификатором отходов, утвержденным Приказом и.о. Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 6 августа 2021 года № 314 и другими подзаконными нормативно-правовыми актами.
2	Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области	1. Соблюдать требования Экологического кодекса Республики Казахстан от 2 января 2021 года № 400-VI и действующего законодательства. 2. Соблюдать требования приказа и.о. Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики

		Казахстан от 27 октября 2023 года № 294 «О внесении изменений в приказ и.о. Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 3 августа 2021 года № 286 “Об утверждении Правил проведения общественных слушаний”». 3. Провести анализ текущего состояния атмосферного воздуха на территории, где планируется осуществление предусмотренной деятельности, а также, при наличии у инициатора, результатов фоновых исследований. 4. Провести анализ и инвентаризацию всех производственных и потребительских отходов, образующихся в процессе осуществления деятельности. 5. Определить классификацию и методы переработки и утилизации всех образованных отходов. 6. Предусмотреть объекты временного накопления отходов в соответствии с требованиями законодательства РК для их безопасного хранения и недопущения смешивания. 7. Предусмотреть мероприятия по недопущению образования опасных отходов или сокращению объемов их образования. 8. Географические координаты указанного объекта не должны находиться на территории особо охраняемой зоны. 9. Не должен затрагивать лесохозяйственную территорию. Кроме того, доводится до сведения, что от заинтересованной общественности по данному заявлению замечания и предложения в Управление не поступили.
3	РГУ «Жайык-Каспийская бассейновая инспекция по регулированию использования и охране водных ресурсов Комитета по водным ресурсам»	Не представлено
4	Управление туризма Мангистауской области	Управление туризма Мангистауской области сообщает, что по заявлению филиала «Мангистау Пауэр Б.В.» о намечаемой деятельности по рабочему проекту «Гибридная электростанция в Мангистау. Строительство ГПЭС мощностью 120 МВт. Очередь 4В. Объекты выдачи мощности ГПЭС» документы, представленные в приложении, изучены; замечания и предложения отсутствуют.
5	Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Мангистауской области	В соответствии с Законом Республики Казахстан от 16 мая 2014 года № 202-V «О разрешениях и уведомлениях» и Кодексом Республики Казахстан от 7 июля 2020 года № 360-VI «О здоровье народа и системе здравоохранения», для реализации запланированных мероприятий в области обеспечения

		санитарно-эпидемиологического благополучия населения необходимо получение следующих разрешений: - Санитарно-эпидемиологическое заключение о соответствии объекта высокой эпидемиологической значимости санитарным требованиям; - Санитарно-эпидемиологическое заключение по проектам расчётной (предварительной) и установленной (окончательной) санитарно-защитных зон; - Санитарно-эпидемиологическое заключение по проектам нормативных документов о допустимых выбросах вредных веществ в окружающую среду и санитарно-защитные зоны; - Озеленение территории санитарно-защитных зон в соответствии с классом опасности предприятия, а в случаях невозможности выполнения установленной доли озеленения (при плотной застройке объектами, а также при расположении объекта в отдалённых пустынных и полупустынных районах) допускается озеленение свободных от застройки территорий и территорий близлежащих населённых пунктов с обязательным обоснованием в проекте СЗЗ и по согласованию с местными исполнительными органами.
6	<u>РГУ «Мангистауская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира»</u>	В проекте отчёта филиала «Мангистау Пауэр Б.В.» предусмотренные работы должны быть расположены вне территории государственного лесного фонда и особо охраняемых природных территорий. В проект отчёта филиала «Мангистау Пауэр Б.В.» о возможном воздействии на окружающую среду в раздел 11.3 «Мероприятия по снижению воздействия проектируемой деятельности на животный мир» предлагается включить меры по оказанию первой помощи животным и птицам, которые будут обнаружены ранеными, больными, неспособными летать или самостоятельно передвигаться (передача местному ветеринару и др.). Кроме того, обращается внимание на необходимость осуществления деятельности с соблюдением требований статей 245 и 257 Экологического кодекса Республики Казахстан от 2 января 2021 года № 400-VI, а также статьи 17 Закона Республики Казахстан от 9 июля 2004 года № 593 «О защите, воспроизводстве и использовании животного мира».
7	РГУ Западно-Казахстанский межрегиональный департамент геологии «Запказнедра»	Рассмотрев заявление филиала «Мангистау Пауэр Б.В.» о планируемых видах деятельности, сообщаем следующее. В соответствии со статьёй 64 Кодекса Республики Казахстан «О недрах и недропользовании» от 27 декабря 2017 года №125-VI, департамент является территориальным подразделением уполномоченного органа по изучению недр и осуществляет государственный контроль за проведением

		геологического изучения недр, а также операций по использованию их пространства, за исключением операций по добыче урана и общераспространённых полезных ископаемых, и за проведением операций по разведке и добыче твёрдых полезных ископаемых. Учитывая вышеизложенное, Департамент сообщает, что не является заинтересованным государственным органом в части планируемой деятельности компаний по оценке воздействия на окружающую среду.
8	Аппарат акима города Жанаозен	Не представлено
9	Общественность	Не представлено

Департамент экологии по Министерству экологии и природопользования Республики Казахстан

«Мангистау Пауэр Б.В.Филиалы» ЖШС-ның әсер ету есебі бойынша
ұсыныстар мен ескертулердің жиынтық кестесі

Хаттама

Жиынтық кесте жасалған күні: 12.09.2025 ж.

Жиынтық кесте жасалған орын: Маңғыстау облысы бойынша ЭД
Экологиялық реттеу және бақылау комитеті ҚР ЭГТРМ

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы:
Маңғыстау облысы бойынша ЭД Экологиялық реттеу және бақылау комитеті
ҚР ЭГТРМ

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын
жинау туралы хабарланған күн: 21.08.2025 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру
мерзімі: 21.08-05.09.2025 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын
жинақтау:

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескерту мен ұсыныстар
1	Маңғыстау облысы бойынша экология департаменті	1. Ластаушы заттардың таралу нәтижелерін есептік тікбұрышта, санитарлық-қорғау аймағының шекарасында, тұрғын аймақта және белгіленуі тиіс есептік нүктелерде ұсыну қажет. ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 63 бұйрығының 21 және 22-тармақтарына сәйкес «Қоршаған ортаға эмиссия нормативтерін айқындау әдістемесін бекіту туралы» – атмосфералық ауаның жалпы жүктемесін ескере отырып, эмиссияның рұқсат етілетін нормативтері әзірленуі тиіс, яғни есепте аймақтың физика-географиялық және климаттық жағдайларын, өнеркәсіптік алаңдардың және тұрғын үйлердің орналасуын ескеру қажет. 2. ҚР Экологиялық кодексінің 50-бабының 3-тармағына сәйкес, ықпалдарды бағалау жоспарланған қызметті немесе әзірленіп жатқан құжатты жүзеге асырудың бірнеше балама нұсқаларын міндетті түрде қарастыруға, соның ішінде оларды жүзеге асырудан бас тарту нұсқасын (нөлдік нұсқа) қамтуға негізделуі тиіс. Сондай-ақ, ҚР Экологиялық кодексінің 72-бабының 4-тармағына сәйкес, жоспарланған қызметтің ерекшеліктерін және оның қоршаған ортаға ықтимал әсерін ескере отырып, ықтимал іске асыру нұсқаларын ұсыну қажет, оның ішінде: бастамашы тандаған нұсқа, оны тандаудың негіздемесі, өзге ықтимал ұтымды нұсқалардың сипаттамасы, сонымен қатар адамдардың өмірі мен (немесе) денсаулығын қорғау, қоршаған орта тұрғысынан ең

қолайлы ұтымды нұсқа. Сәйкестендіру қажет.
3. Нұсқаулықтың 2-қосымшасының 19 және 20-тармақтарына сәйкес қысқаша техникалық емес түйіндеме ұсыну қажет.

4. ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі № 280 бұйрығымен бекітілген экологиялық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі Нұсқаулықтың (бұдан әрі – Нұсқаулық) 2-қосымшасының 8 және 9-тармақтарына сәйкес, эмиссиялардың шекті сандық және сапалық көрсеткіштерінің, қоршаған ортаға физикалық ықпалдардың, қалдықтарды басқару операцияларын таңдаудың негіздемесін ұсыну қажет. Сондай-ақ қалдықтардың түрлері бойынша жиналу шекті мөлшерінің негіздемесі көрсетілуі тиіс.

5. ҚР ЭК 246-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес, электр желілерін орналастыру, жобалау, салу, пайдалану, жөндеу, қайта құру және жаңғырту кезінде құстар мен басқа да жабайы жануарлардың қырылуын болдырмауды, олардың тіршілік ету ортасын, көбею жағдайларын, көшу жолдары мен шоғырлану орындарын сақтауды қамтамасыз ететін іс-шаралар әзірленуі және жүзеге асырылуы тиіс. Электр желілерін пайдаланатын субъектілер құстар мен басқа да жабайы жануарларға теріс әсерін анықтау үшін электр желілерін тұрақты түрде тексеріп отыруға және қажет болған жағдайда оны азайтуға шаралар қабылдауға міндетті.

6. Нұсқаулықтың 2-қосымшасының 7-тармағына сәйкес, жоспарланған қызметтің 6-тармақта көрсетілген нысандарға ықтимал елеулі әсерлерін (тікелей және жанама, жиынтық, трансшекаралық, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді, оң және теріс) сипаттау қажет, олар мына жағдайлардың нәтижесінде туындайды:

жоспарланған қызметті жүзеге асыруға арналған объектілерді салу және пайдалану, оның ішінде қажет болған жағдайда қолданыстағы объектілерді кәдеге жарату жұмыстары;

табиғи және генетикалық ресурстарды пайдалану (оның ішінде жер, жер қойнауы, топырақ, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі – бұл ресурстардың бар-жоғына, орналасу орнына, жабайы жануарлардың көшу жолдарына, қайталанбайтын, тапшы және бірегей табиғи ресурстарды пайдалану қажеттілігіне байланысты).

7. Нұсқаулықтың 2-қосымшасының 12-тармағына сәйкес, объектіні салу және пайдалану кезеңдеріне арналған қоршаған ортаға жоспарланған қызметтің анықталған елеулі әсерлерін болдырмау, қысқарту, жұмсарту жөніндегі шаралардың сипаттамасын ұсыну қажет. Оның ішінде қалдықтарды басқару

		бойынша ұсынылатын іс-шаралар, сондай-ақ ықтимал елеулі әсерлерді бағалауда белгісіздік болған жағдайда – ықпалдарды мониторингтеу жөніндегі ұсынылған шаралар (жоспарланған қызметті іске асыру барысында ықпалдардың нақты әсерлерін есепте көрсетілген мәліметтермен салыстыру мақсатында жобадан кейінгі талдауды жүргізу қажеттілігі қоса алынады). 8. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі № 280 бұйрығымен бекітілген экологиялық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі Нұсқаулықтың 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес, Қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы есепте қоршаған ортаға түсетін эмиссиялардың күтілетін түрлері, сипаттамалары мен көлемдері туралы, соның ішінде су объектілеріне, атмосфералық ауаға, топыраққа, жер қойнауына, сондай-ақ дірілдік, шуылдық, электромагниттік, жылулық және радиациялық әсерлер туралы ақпарат жоқ; 9. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі № 280 бұйрығымен бекітілген экологиялық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі Нұсқаулықтың 1-тармағы 9) тармақшасына сәйкес, Қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы есепте құрылыс және пайдалану барысында, сонымен қатар қолданыстағы ғимараттар, құрылыстар мен жабдықтарды постутилизациялау нәтижесінде пайда болатын қалдықтардың күтілетін түрлері, сипаттамалары мен көлемдері туралы ақпарат жоқ. Жоғарыда баяндалған ескертулер мен ұсыныстардың негізінде ұсынылған Есеп ҚР Экологиялық кодексіне, 2021 жылғы 30 шілдедегі № 280 бұйрықпен бекітілген экологиялық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі Нұсқаулыққа, 2021 жылғы 6 тамыздағы № 314 бұйрықпен бекітілген Қалдықтар классификаторына және басқа да заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қайта пысықталуы тиіс.
2	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	1. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚР Экологиялық Кодексінің және қолданыстағы заңнама талаптарын сақтау. 2. «Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 286 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2023 жылғы 27 қазандағы № 294 бұйрығының талаптарын сақтау.

		3. Белгіленген қызметті жүзеге асыру көзделетін аумақтағы атмосфералық ауаның ағымдағы жай-күйіне, сондай-ақ бастамашыда бар болса, фондық зерттеулердің нәтижелеріне талдау жүргізу. 4. Қызметті жүзеге асыру кезінде пайда болатын барлық өндіріс және тұтыну қалдықтарына талдау және түгендеу жүргізу. 5. Барлық түзілген қалдықтарды қайта өңдеу, кәдеге жарату классификациясы мен әдістерін анықтау. 6. Қалдықтарды қауіпсіз сақтау және олардың араласуына жол бермеу үшін қалдықтарды уақытша жинақтау объектілерін ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес көздеу. 7. Қауіпті қалдықтардың пайда болуына жол бермеу немесе олардың пайда болу көлемін азайту жөніндегі іс-шараларды көздеу. 8. Аталған нысанның географиялық координаттары ерекше қорғалатын аймағы территориясында орналаспауы қажет. 9. Орман шаруашылық аймағына кермеуі қажет. Сонымен қатар, мүдделі жұртшылықтан аталған өтініш бойынша ескертулер мен ұсыныстар Басқармаға келіп түспегендігін қаперіңізге береді.
3	Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы	Ұсынылмады
4	Маңғыстау облысының туризм басқармасы	Маңғыстау облысының туризм басқармасы «Маңғыстау Пауэр Б.В.» филиалының «Маңғыстаудағы гибриді электр станциясы. ГПЭС құрылысы 120 МВт. 4В кезек. ГПЭС қуатын беру объектілері» («Гибридная Электростанция в Мангистау. Строительство ГПЭС 120 МВт. Очередь 4В. Объекты выдачи мощности ГПЭС») қоршаған ортаға ықтимал әсері туралы есеп жұмыс жобасына қатысты белгіленіп отырған қызметі туралы өтініші бойынша қосымшада ұсынылған құжаттары зерделеніп қаралып, ұсыныстар мен ескертулердің жоқ екендігін хабарлайды.
5	Маңғыстау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті	Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V ҚРЗ. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңына және Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру үшін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттығы саласында келесі рұқсаттарды алуы тиіс: - Эпидемиологиялық маңызы жоғары объектінің санитариялық талаптарға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды; - Есептеу (алдын ала) және белгіленген (соңғы)

		санитариялық қорғау аймақтарын белгілеу жобалары бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды; - Қоршаған ортаға, санитариялық қорғау аймақтарына зиянды заттар рұқсат етілген шығарындылары туралы нормативтік құжаттардың жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды; - Кәсіпорынның қауіптілік класына сәйкес санитариялық қорғау аймақтарының аумағын көгалдандыру және көгалдандырудың көрсетілген үлес салмағын орындауға мүмкіндік болмаса (объектілермен тығыз құрылыс салу кезінде, сондай-ақ объекті елді мекендерден алыс шөл және шөлейт жерлерде орналасқан кезде) СҚА жобасында міндетті түрде негіздей отырып, құрылыс салудан бос аумақтар мен жақын елді мекендердің аумақтарын жергілікті атқарушы органдары келісімі бойынша көгалдандыруға жол беріледі.
6	Маңғыстау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы	«Мангистау Пауэр Б.В» Филиалының есеп жобасында белгіленген жұмыстар аумағы мемлекеттік орман қоры және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан тыс жерде орналасуы тиіс. «Мангистау Пауэр Б.В» Филиалының қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп жобасына 11.3 Жобаланатын қызметтің жануарлар әлеміне әсерін азайту жөніндегі іс-шараларына жануарлар объектілері жараланған немесе ауырып ұша алмайтын, өздігінен жүре алмайтын жануарлар, құстар анықталған жағдайда оларға алғашқы көмек көрсету (жергілікті ветеринарға көрсету және т.б) іс-шараларын қосуды ұсынамыз. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық кодексінің 245, 257 баптары, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» № 593 Заңның 17 бабының талаптарын сақтай отырып жүргізілуі қажеттігін ескертеді.
7	«БАТЫСҚАЗЖЕРҚОЙНАУЫ» Батыс Қазақстан геология өңіраралық департаменті	Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы №125-VI Кодексінің 64 бабына және «Батысқазжерқойнауы» ӨД-нің жаңа Ережесіне сәйкес, департамент жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі және жер қойнауы кеңістігін пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады. Осыған байланысты, хатта көрсетілген «Мангистау Пауэр Б.В.» филиалының есеп жобаларына ескертулер мен ұсыныстар беру Департаменттің күзіретіне кірмейді.
8	Жаңаөзен қаласы әкімінің	Ұсынылмады

	аппараты	
9	Қоғам	Ұсынылмады